

## **Діннің ролі мен қоғамда болып жатқан үрдістердің дәстүрлер қалыптасуына ықпалы**

«Дәстүрлер мен дін» тақырыбы төңірегіндегі дөңгелек үстелге арналған сөз, Талдықорған, наурыз 2018

Тарих бойы әлемдік діндер қамтыған жоғары үлгілер мен құндылықтар адамдарды біріктіріп, қоғамдағы қарым-қатынастарды анықтаған, дәстүрлерді қалыптастырып, мәдениеттің дамуына үлестерін қосқан еді. Өткен заманның дәстүрлері және қағидаларымен өзара байланыса отырып, олар адамзат жанұясында қайталанбас алуан түрлілікті тудырған.

Осылайша, біздің Қазақстандағы қауымдастығымызда біз бай мәдени мұраны, мәдениеттер мен бейбітшілікте және болашақ ұрпақ үшін сақтап, оларға қалдыру қажет басты құндылық болып табылатын келісімділікте өмір сүріп жатқан ұлыстардың қайталанбас алуан түрлілігін көрсететін мәдениеттер мен дәстүрлердің өзара байланысын көреміз. Олардың арасында адамдардың бірігуі үшін қызмет ететін, айырмашылықтар мен шарттылықтардың шекараларын жоятын, жаңа бастамаларға түрткі болатын және біздің қоғамның гүлденуі мен тұрақтылығына жағдай жасайтын дәстүрлер бар. Қонақжайлылық, қайтқан адамдары еске алу, ескі өкпе-реніштерді кешіру, жаңа өмірдің дүниеге келуін қуанышпен қарсы алу, отбасы құру мен тағы да басқа көптеген нәрселер қағидалардың осы тобында соңғы болып қалмады.

Мәдениеттің баюына қызмет ететін дәстүрлермен қатар әлемде болып жатқан адамдарды өмірге қатысты енжар етіп, үмітсіздікті тудыратын, адамдарды ажырата отырып және олардың қарым-қатынастарына кедергілерді жасайтын, өзінің құндылықтарын мәжбүрлеп таңатын, неке институтын шайқалтатын және отбасылық байланыстарды бұзатын бәріне бойлай енетін тұтынушылық мәдениетінің ықпалынан туындаған ыдырау үрдістерінен бастау алатын дәстүрлер де бар және пайда болады.

Өзара түсіністік пен келісімділік, сұхбат орнату жолында кедергі ретінде қызмет ететін соқыр наным-сенімдер мен надандықтан туындаған дәстүрлер құқықтардың теңсіздігін тудырады, адамның қадір-қасиетін төмендетеді немесе белгілі бір адамдар тобын басқаларынан жоғары етіп көрсетеді, терең қайта ойлануды талап етеді және мүлдем жоғалып кетулері тиіс, себебі олар қоғамның алға өрлеуін тежейді.

Күллі адамзат бірлігін терең ұғыну, барлық діни дәстүрлерге ортақ болып саналатын және айырмашылықтарға назар аудармайтын құндылықтарға шоғырланған адамгершілік тұсбағдар қазірде әлем надандық пен соқыр наным-сенімдерден туындаған ретсіздік тұңғиығына батып бара жатқан кезде, айрықша айқын, кеңінен және жер-жерде жол көрсетуі тиіс.

Біздің жеке басымыздың түсінігінің өзгеруі мен барлық діндер бірлігін терең ұғыну осы орайда аса маңызды рөл ойнайды. Адамдар мен тұрғындардың тұтас топтарының жүректері мен саналарындағы осы өзгеріс көптеген жасампаз үрдістерге, адамдарды жақындастыратын жаңа дәстүрлердің туындауына бастау беріп, біздің елімізді түрлендіретін күштердің босауына ықпал ете алады.